

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Экономика және бизнес жоғары мектебі

Қаржы және есеп кафедрасы

**«Кеден ісі» пәні бойынша**

**«5В050900-Қаржы» мамандығында  
оқитын студенттерге арналған  
қорытынды емтихан бағдарламасы**

Алматы 2021ж.

**Құрастырушы:**

Аға оқытушы Мухаметжанова Ж.С.

---

(дайындалған - А.Ж.Т., лауазымы, дәрежесі және атағы)

«Кеден ісі» пәні бойынша қорытынды емтихан бағдарламасы кафедра мәжілісінде қаралып, ұсынылды

«24» қараша 2020 ж., хаттама №13

## Кіріспе

«Кеден ісі» пәні «Қаржы» мамандығы 3 курс студенттері үшін оқытылды. 10.05.2021-29.05.2021 аралығында жинақтаған теориялық және практикалық білімдерінің қорытындысы тест түрінде СДО Moodle жүйесінде өткізіледі.

Емтихан барысында әр студент 25 тест сұрағын алады, берілетін уақыт 60 минут, 1 мүмкіндік қана болады. Қорытындысы бірден осы жүйеде анықталады, ол «универ» жүйесіне көшіріліп сақталынады.

«Кеден ісі» пәні бойынша емтиханға «Қаржы» мамандығы 3 курс студенттері толық қатысады, топта 13 студент, арнайы бейне жазба арқылы жүзеге асырылады.

Емтихан мерзімі 10.05.2021ж. ары қарай уақытқа белгіленеді.

«Кеден ісі» пәні бойынша емтиханды ұйымдастыру және өткізу бағдарламасында студенттерге арнайы жеке жұмысты жүзеге асыру үшін тапсырмалар «универ» жүйесіне ПОӘК бөліміне және СДО Moodle орналастырылады.

Бағдарламада көрсетілген тақырыптар бойынша пәннің 3 кредит болуына байланысты 50 тест сұрағы дайындалып, СДО Moodle жүйесіне рандомизация жасалынып орналыстырылды.

Барлық тест саны 50, олар 4 түрлі тест үлгісінде әзірленді: көптік таңдау, сәйкестік тесті, дұрыс/бұрыс және қысқаша жауап түрінде жасалынды.

Емтиханның жалпы уақыты 60 минутты қамтиды

Бағалау саясаты: дұрыс жауап берілген жағдайда бір сұрақ – 4 баллға бағаланады. Дұрыс жауап берілмесе 0 балл.

Емтихан тапсыру барысы қажет болған жағдайда ZOOM қосымшасы арқылы жазба жасалынып, сақталады.

### Пәнді оқу нәтижесінде білім алушы қабілетті болады:

**ОН 1-1.** тауарларды кедендік ресімдеумен байланысты жекелеген мәселелерді тереңдете зерттеу және талқылау;

**ОН 2-** көліктің әртүрлі түрлерімен тасымалданатын тауарларды кедендік ресімдеу, кедендік бақылау әдістерін зерделеу;

**ОН 3-** кедендік реттеудің нормативтік актілерін зерделеу;

**ОН 4 -**кедендік реттеудің концепцияларын анықтау;

**ОН 5.** Кедендік режимдерді ескере отырып жеткізушілерді таңдау. экономика жағдайында дұрыс қаржылық шешімдер қабылдау.

### Төмендегі тақырыптар бойынша тапсырмалар беріледі:

1 дәріс. Кеден ісі ұйымдастырудың теориялық негіздері

2- дәріс. Қазақстан Республикасында кеден ісінің қалыптасуы және дамуы

3 -дәріс ҚР Кедендік органдардың ұжымдық құрылымы мен функциялары

4-дәріс. ЕАЭД Кеден Одағы

5 -6 дәріс. Шекара арқылы тауар мен көлік құралын өткізудің кедендік бақылауы

7 -дәріс. Кедендік режимнің экономикалық құрамы

8-дәріс. Сыртқы экономикалық қызметтің бейтарифтік шектеулеріндегі кедендік бақылау

9- дәріс Кедендік-банктік валюталық бақылау

10- дәріс Сыртқы сауданы кедендік тарифтік реттеу

11-дәріс Кедендік баға және оны анықтау әдістері

12-дәріс Кедендік баждар және салықтар

13 -дәріс. Кедендік рәсімдеу. Кедендік рәсімдеу процедурасы

14- дәріс Кедендік ережелер мен процедураларды бұзу жауапкершілігі

15 -дәріс. Кедендік қызметтің халықаралық аспектілері

## **Кеден ісі» пәнінен бағдарламалық сұрақтары**

1. Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарларға арналған коммерциялық және көлік құжаттары
2. Тауарларды кеден одағының кедендік аумағына әкелу кезінде кеден органдары өндіріп алатын салық
3. Кеден органдары тауарларды кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізуге байланысты өндіріп алатын міндетті төлем
4. Тауарларды декларациялайтын не оның атынан тауарлар декларацияланатын тұлға
5. Тауарларды кедендік транзит кедендік рәсімімен орналастыруға байланысты кедендік операцияларды жасайтын кеден органы және (немесе) кеден одағына мүше мемлекеттің өзге кеден органы
6. Тауарларды кеден одағының кедендік аумағына әкелу кезінде кеден органдары өндіріп алатын салық
7. Кедендік алымдардың ставкалары
8. Тауарларды пайдалану және билік ету жөніндегі шектеулерді сақтау шартымен тауарларды шығару
9. Тауарларды кеден одағының кедендік аумағында немесе оның шегінен тыс жерде пайдалану және (немесе) оған билік ету талаптары мен шарттарын кеден мақсаттары үшін айқындайтын нормалардың жиынтығы
10. Кеден одағының тұрақты жұмыс істейтін бірыңғай реттеуші органы
11. Кедендік баждарды төлеу мерзімдерін өзгерту
12. Кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету тәсілі болып табылады
13. Кеден органының кедендік баждардың, салықтардың және өсімпұлдардың тиесілі сомаларын төлеу жөніндегі талапты орындау
14. Кедендік төлемдер мен салықтар белгіленген мерзімдерде төленбеген немесе толық төленбеген жағдай
15. Кедендік төлемдер, салықтар және өсімпұлдар бойынша берешекті өтеу туралы хабарламаларға шағымдану мерзімі
16. Кеден органына және (немесе) сотқа шағым берген жағдайда берешекті өтеу туралы хабарламаны орындау
17. Салықтарды төлеу мерзімдерін өзгертудің негіздемесі, талаптары мен тәртібі қандай заңнамамен айқындалады
18. Кеден органдарының және төлеушілердің талаптары бойынша талап қоюдың өту мерзімі
19. Өндіріп алу өздеріне жүктелген кедендік төлемдер мен салықтардың бюджетке дұрыс есептелуіне және уақтылы төленуіне бақылауды жүзеге асыру
20. Кеден органдары мен салық қызметі органдарының өзара іс-қимыл тәртібі
21. Мемлекеттік органдарға ақпаратты беру жағдайларын қоспағанда, кеден органдары алған ақпаратты жария ету және тарату
22. Кедендік баждарды, салықтарды төлеу мерзімдерін өзгерту қандай нысанда жүргізіледі
23. Кеден төлемдерін сақтандыру шарты бойынша қамтамасыз етуді қабылдаудан бас тарту
24. Кеден төлемдерін банк кепілдігі бойынша қамтамасыз етуді қабылдаудан бас тарту
25. Кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету тәсілі болып табылады
26. Кеден органының кедендік шекарасы арқылы өткізу орындары не ҚР Үкіметі айқындаған өзге де орындар
27. Тауарлар шығарылған елді айқындауға қатысты алдын ала шешім қабылдау нысанын айқындау
28. Кеден одағының сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасы қолданылады

29. Сыртқы экономикалық қызметтің бірыңғай тауар номенклатурасы
30. Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасын және оған өзгерістер енгізу туралы шешімді жариялау

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Демичев А.А Основы таможенного дела: учебник // А.А. Демичев, А.С. Логинова. – СПб.: ИЦ «Интермедия», 2014. – 188 с. :
2. Руденко Л.Г. Экономика таможенного дела. Учебник. Дело и Сервис. 2015 г.
3. Единый таможенный тариф Евразийского экономического союза. Москва, Проспект. – 2015.- 847 стр.
4. Моисеев, Е. Г. Комментарий к Таможенному кодексу Таможенного союза/ Е. Г. Моисеев. - М.: Проспект, 2011. - 464 с.
5. Таможенный кодекс Таможенного союза: принят Решением Межгосударственного Совета Евразийского экономического сообщества. - М.: Проспект, 2011. - 192 с.
6. Таможенное дело: учебник/ Н. Д. Эриашвили [и др.] ; ред. Н. Д. Эриашвили. - М.: ЮНИТИ-ДАНА: Закон и право, 2011. - 375 с.

#### **Интернет-ресурстар:**

[www.keden.kz](http://www.keden.kz);

[www.salyk.kz](http://www.salyk.kz).

[www.minfin.gov.kz](http://www.minfin.gov.kz)